

## Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 сәуірдегі N 21/01 қаулысы. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 22 мамырда N 8-1-156 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қаңтардағы N 02/03 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қаласы әкімдігінің 15.01.2014 N 02/03 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылғы 1 наурыздан бастап үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - Әлеуметтік көмек).

2. Әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға тоқсанда төрт айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е б е р і л с і н .

3. Келесі жағдайлар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға Әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне және мүгедек баланың басқа заңды өкілдеріне отбасы кірісіне тәуелсіз беріледі;

2) Әлеуметтік көмек өтініш білдірген мерзімінен бастап "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомстволық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) Әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсуіне байланысты өткен айға жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі а й д а н б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

4. "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ж.Б. Ысқақов) Әлеуметтік көмекті тағайындауды

және төленуді қамтамасыз етсін.

5. "Қарағанды қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Е.Қ. Айтуғанов) жергілікті бюджетте қарастырылған қаражаты шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес Әлеуметтік көмекті қаржыландыру бойынша мәселені шешсін.

6. "Үйде тәрбиеленіп, оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 3 сәуірдегі N 16/121 қаулысы жойылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары И.Ю. Любарскаяға жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 наурыздан бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

*Қарағанды қаласы әкімінің  
міндетін атқарушы Е. Садықов*